Abdyraimov Ruslan Askarovich

1st-year Master's student of the Department of «Criminal Law Disciplines and Law Enforcement» of the Eurasian Academy of Law named after D.A.Kunaeva, Republic of Kazakhstan, Almaty, e-mail: abdylaimov@mail.ru

Keywords: Criminal law, criminal offense, the composition of a criminal offense, the subject of a criminal offense, the identity of the criminal.

Abstract. The article is devoted to some issues of determining the subject of a criminal offense. The subject of a criminal offense is one element in the composition of a criminal offense. Therefore, it forms the basis of criminal liability.

The reorientation of criminal policy towards ensuring human rights and social justice involves the deepening of theoretical developments of such fundamental categories of criminal law as the subject of a criminal offense. It is necessary to clearly understand the essence of those psychological and legal phenomena that are covered by these legal categories.

Every criminal offense is an act of socially dangerous behavior of people. Therefore, the criminal law applies its requirements - not to commit criminal acts - in all cases, without exception, only to a person. Therefore, only a person who has committed a socially dangerous act (inaction) can be recognized as a subject of a criminal offense. The concept of the subject of a criminal offense answers the question: who can bear criminal responsibility in the case of a criminal offense provided for by the criminal law.

Criminal law pays great attention to the study of the subject of a criminal offense, because the public danger of any criminal offense, along with other circumstances (the method, consequences, form of guilt) is largely determined by the danger of the criminal himself.

The authors propose to make a number of changes and additions related to this issue in order to improve the current criminal legislation. In particular, the sane person, the age of criminal responsibility, the age in relation to criminal offenses, etc.

DOI: 10.52026/2788-5291_2021_64_1_191

Kipicne. Қылмыстық құқықтағы күрмеуі қалың, өзекті тақырыптардың бірі, қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі болып табылады. Кез-келген қылмыстық құқық бұзушылық бір адам немесе бірнеше адамның бірлесуі арқылы жасалуы мүмкін. Дегенмен, қандай да қылмыстық құқық бұзушылық жасалмасын, оны жасаған адамды немесе адамдар тобын қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін, қылмыстық құқықтың жеке бір институты - қылмыстық құқық бұзушылық субъектісін зерттеу маңызды сипатқа ие. Себебі қылмыстық

құқық бұзушылық субъектісінің түсінігін терең және жан-жақты толық зерттеп алмайынша, қылмыстық құқықтағы есі дұрыстық, қылмыстық заңмен белгіленген жасқа толу, шектеуліесі дұрыстық, қылмыстық құқық бұзушылықтың арнаулы субъектісі, жазаның мақсаты мен міндеттері, жекежаза тағайындау немесе жазадан толық босату, медициналық мәжбүрлеу шарасын қолдану, жеке қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы және т.б. мәселелерді дұрыс талдап анықтау мүмкін емес.

Қылмыстық құқық бұзушылықпен күресу барысында, қылмыстық жауаптылыққа тартудан бастап, жазаны орындағанға дейін - қылмыстық әрекет немесе әрекетсіздік жасаған кінәлі адамның жеке басын анықтау міндетті және қажеттігі шарт болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің әлеуметтік-саяси және құқықтық белгілерін дұрыс анықтаудың, судьяларға қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралап, жазаны дұрыс тағайындау үшін, сондай-ақ қылмыстық іс-әрекет (әрекетсіздік) пен оны жасаған субъектісінің қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтау үшін маңызы зор. Сот-тергеу тәжірибесінде қылмыстық құқық бұзушылық субъектісін дұрыс анықтамау арқылы заңсыз олқылықтардың пайда болуы да аз емес.

1 қыркүйек 2020 жылғы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың “Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі” атты Қазақстан халқына Жолдауында: “Заң үстемдігі орнықпаса және азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік берілмесе, әлеуметтік-экономикалық дамудың бірде-бір міндеті табысты жүзеге асырылмайды.

Азаматтар мүддесіне қызмет ететін мемлекеттің жаңа стандарттарын әзірлеу үшін көп жұмыс атқаруымыз керек. Осы тұрғыда құқық қорғау және сот жүйелеріне негізгі рөл жүктеледі. Бұл салаға реформа аса қажет.

Бірақ құқық қорғау жүйесінің жұмысын да бұрынғы дағды бойынша айыптауға бейімділік басымдау болып тұр. Азаматтардың қылмыстық жауапкершілікке негізсіз тартылатын жағдайлары да аз кездеспейді.

Тағы да қайталап айтамын, заңдылық пен әділеттілік сөзсіз қамтамасыз етілуге тиіс. Қылмыстық істегі қателік адам тағдырын өзгертетінін естен шығармау керек”¹ деп әділ айтып көрсеткен.

Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі тақырыбы көптеген Қазақстандық ғалымдардың ғылыми еңбектерінің негізгі арқауы болған, атап айтқанда: А.Н. Ағыбаев, С. Әпенев, Ғ.Ы. Баймурзин, Ү.С. Джекебаев, Е.І. Қайыржанов, С.С. Молдабаев, Р.Т. Нуртаев, Р. Орымбаев, Г.Р. Рүстемова және т.б.

Ағымдағы жағдай. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі деген түсінік Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде (КРҚК) арнайы құқық нормасы ретінде белгіленбеген. Бұл түсінікті қылмыстық құқық теориясы түсіндіреді.

«Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі» және «қылмыскердің жеке тұлғасы» ұғымдарын ажырата білу қажет, өйткені аталған түсініктер жиі араласып шекарасы ажыратылмайды.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды сипаттайтын белгілер екі топқа бөлінеді: біріншісі - қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі, екіншісі - кінәлінің жеке тұлғасы. Белгілердің бірінші тобы жасалған әрекеттің біліктілігі туралы мәселені шешуде маңызды. Екіншісі жазаны тағайындауға айтарлықтай әсеретеді.

Бұл ұғымдар бір адамға - қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға қатысты болса да, олардың әртүрлі түсіндірмелері бар. Бұл ұғымдардың мазмұны мен олардың қылмыстық-құқықтық маңызы сәйкес келмейді.

Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі - қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементі, ол міндетті белгілердің жиынтығымен, сондай-ақ белгілі бір жағдайларда - белгілі бір қылмыстық-құқықтық норманың құрамымен (арнайы субъект) анықталған қосымша белгілермен сипатталады.

Ал қылмыскердің жеке басының ұғымы криминологиялық сипатқа ие және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның биологиялық және әлеуметтік-психологиялық сипаттамаларын қамтиды. Қылмыскердің жеке тұлғасын зерттеу қылмыстық іс - әрекеттің заңдылықтарын, жаппай құбылыс ретінде қылмыстылықты анықтауға, себептілігіне және қылмыстық құқық бұзушылыққа қарсы күрес бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар жасауға ықпал етеді. Қылмыскердің жеке тұлғасы жаза тағайындау, қылмыстық жауапкершіліктен босату және жазалау кезінде қылмыстық-құқықтық маңызға ие.

Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі ретінде адам немесе жеке тұлға емес,

¹ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» // <https://www.akorda.kz/kz/addresses/> (қаралған күні 19.02.2021)

құқықтық шарттылықты түсіну қажет, яғни - қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапты адамның құқықтық, жас және психикалық мәртебесін анықтайтын белгілер жиынтығы анықталады. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі - бұл қылмыстық жауапкершіліктің пайда болуы үшін қажетті бірнеше заңды мәні бар қылмыстық-құқықтық мәртебе болып табылады.

Профессор А.Н.Ағыбаевтың пікірінше: «Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі болып қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған және заңға сәйкес сол үшін қылмыстық жауаптылықты көтеруге қабілетті адам танылады» [1, 57 б.].

«Қылмыс субъектісі құқықтық ұғымды білдіреді және қылмыс жасаған адамның заңды сипаттамасын анықтайды; ол тек әлеуметтік қауіпті әрекетті жасаған адамға қатысты қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін қажет белгілермен (жеке тұлға, жас, ақыл-ой) шектеледі, олар қылмыс жасаған адам белгілерінің аз ғана бөлігін құрайды» [2, 270 б.].

Қылмыстық-құқықтық мағынада қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі ұғымы ерекше мазмұнға ие. Субъектінің кем дегенде бір міндетті белгісінің болмауы қылмыстық жауапкершілікті жоққа шығарады.

«Қылмыс субъектісі - бұл қылмыстық-құқықтық қорғау объектісіне қол сұғатын және ол үшін жауап бере алатын адам. Қылмыс субъектісінің белгілері қылмыс құрамының элементтерінің бірін құрайды. Қылмыс жасаған адамның белгілі бір субъективті белгілерінің болуы қылмыстық жауапкершілік шарты ретінде де қарастырылуы мүмкін» [3, 114 б.].

Бұл анықтамаға сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі арнайы ерік-жігері бар, саналы, жауаптылықты көтеруге қабілетті адам бола алады. Осылайша, қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі - қылмыстық жазадан қорқу арқылы тыйым салынған заңсыз әрекетті жасайтын адам. Белогриц-Котляревскийдің айтуынша, жануарлар саналы еркінен айырылған тіршілік иелері және заңды тұлғалар, жалған

субъектілер ретінде, ерік-жігерге ие бола алмайды сондықтан олар қылмыс субъектісі бола алмайды [4, 107 б.].

Орыс және шетелдік әдеби дереккөздерде жан-жануарларды, басқа да жансыз заттарды, құралдарды жазалау процесстері туралы айтылған. Жануарлар (шошқалар, сиырлар, иттер, тышқандар, шегірткелер және т.б.) және жансыз заттарға қатысты (Царевич Дмитрийдің жұмбақ өліміне байланысты набатқа соғылған Углич қаласындағы шіркеу қоңырауы және т.б.) қылмыскер ретінде жазалау шаралары қолданылған [5, 40 б.]. Ортағасырлық Еуропа үшін жануарларға қатысты сот істері таныс және жалпыға бірдей танылған.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (ҚРҚК) 15-бабының 1- бөлігіне сәйкес: «Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта он алты жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға қылмыстық жауаптылыққа жатады»².

«Түсіндірілген баптың 1-бөлігінде заң шығарушы алдымен қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің міндетті заңды белгілерін белгілейді. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің негізгі белгілеріне: жеке тұлға, есі дұрыстық, заңмен белгіленген жасқа жету жатады.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам оның субъектісі болып танылуы үшін аталған үш белгінің болуын анықтау қажет. Олардың ең болмаса біреуінің болмауы қылмыстық құқық бұзушылық құрамының жоқтығын білдіреді (өйткені қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі жоқ), осыған байланысты адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін негіз де жоқ» [6, 152 б.].

Қылмыстық заң нормасында белгіленген «жеке тұлға» - бұл, ең алдымен, құқықтық мәртебе, белгілі бір құқықтық қатынастарға қатыса алатын, сондай-ақ құқық және әрекет қабілеттілігі бар құқық иесі және міндеттер көтеруге қабілетті адам. ҚРҚК 5, 7, 8 - баптарының талаптарына сай ҚРҚК Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасының аумағындағы азаматтығы жоқ адамдарға, сондай-ақ шетелдіктерге қолданылады. Бұдан туатын қорытынды, қоғамға қауіпті іс-әрекет үшін қылмыстық

² Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226/k14226_.htm/(қаралған күні 19.02.2021)

жауаптылыққа тек қана жеке тұлға - адам тартылады. Заттар, жануарлар дүниесі, табиғат күштері келтірген зиян үшін олар қылмыстық жауапқа тартылмайды, яғни бұл аталғандар қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі болып танылмайды. Егер адам жануарларды немесе табиғи күштерді пайдалану арқылы қасақана немесе абайсыздықпен басқа тарапқа зиян келтірсе, онда қылмыстық жауаптылыққа сол адамның өзі тартылады.

«Адамдар әртүрлі әрекеттерді, соның ішінде қылмыстарды жасай отырып, күш-жігерін біріктіріп, ұжымдық шешім қабылдай алады. Алайда қылмыстық жауапкершілік әрқашан қатаң түрде жеке болып табылады. Қылмыс субъектісі ретінде адамдардың жиынтығын, тобын немесе сол не басқа адамдардың тобын қарастыруға болмайды ... Бұл ерекше бөлімде аталған қылмыстық қауымдастықтардың (банда, заңсыз қарулы құрылым) арнайы түрлеріне де қатысты. Қылмыстық жауапкершілікті банда емес, оның қатысушылары, жасаушылары немесе жетекшілері – әрқайсысы өз қылмысы үшін алады» [7, 193 б.]. Сонымен қатар, қолданыстағы ҚРҚК бойынша заңды тұлғалар қылмыстық жауаптылыққа тарталымайды.

Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің тағы бір міндетті белгісі – заңмен белгіленген жасқа толу. ҚРҚК 15-бабының 1-бөлігінен әйкес қылмыстық құқық бұзушылық жасалған уақытта 16 жасқа толған адам қылмыстық жауаптылыққа жатады.

Қылмыс жасаған уақытта 14 жасқа толған адамдар тізбесі аталған баптың екінші бөлігінде көрсетілген (30 қылмыс құрамы) қылмыстар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа жатады. Байқасақ, қылмыстық заңнамада қылмыстық теріс қылықтар жасағаны үшін 14 жастан басталатын қылмыстық жауаптылық жоқ. Бұл қаншалықты дәрежеде дұрыс деген сұрақ туындайды.

Қылмыс жасаған адамның жасы да әлеуметтік мәртебенің бір түрі болып табылады, ол адамның қоғамдағы құқықтық қатынастардың белсенді қатысушысы ретінде әрекет ету қабілетін білдіреді.

Көптеген заманауи зерттеушілер мен заңгерлер қылмыстық жауапкершіліктің ең төменгі жасын қоғамдағы әлеуметтік және

мәдени факторларды ескере отырып азайту қажеттілігі туралы да айтып жүр.

Жүргізілген салыстырмалы-құқықтық талдау бұл мәселені түсінуде біртұтастық байқалмайтындығын көрсетеді. Әртүрлі елдердің заңнамаларындағы қылмыстық жауапкершілік жасының шекаралары белгілі бір мемлекеттің құқықтық, әлеуметтік және саяси дәстүрлеріне байланысты бес жылдан он жеті жылға дейін өзгереді.

Жас шамасын құқықтық реттеуде айтарлықтай айырмашылықтар бар, бұл әсіресе қылмыстық жауапкершіліктің ең төменгі жас шегін анықтау мәселелеріне қатысты.

Қылмыстық жасты реттеу кезінде ұлттық заңнамаларда әртүрлі тәсілдер қолданылады. Сонымен, қылмыстық заңнама жүйелерінің көпшілігінде қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің ең төменгі жас ерекшелігі белгіленген нормалар бар. Алайда, мысалы, Франция заңнамасы субъектінің минималды жас шегін нақты анықтауды көздемейтін сот қалауы ережесін қолданады, өйткені тек сот зерттеуі әртүрлі өмірлік жағдайларды және әр нақты баланың жеке ерекшеліктерін ескеріп, кінәлі болу қабілетінің болуын анықтай алады деп саналады.

Жас шектері заңмен бекітілген елдерде де қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің ең төменгі жасын анықтауда айтарлықтай айырмашылықтар бар: 7 - 10 жастан; 16 - 18 жасқа дейін. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің ең төменгі жас ерекшелігі, мысалы, Ирландияда - 5 жас, Швейцарияда - 7 жас, Шотландияда - 8 жас, Жаңа Зеландия мен Англияда - 10 жас, Түркияда - 11 жас, Канадада - 12 жас, Ресейде - 16 жас. АҚШ-та 6-12 жас аралығындағылар кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі соттың юрисдикциясына жатады, ең көп жас шамасы - 15-17 жас (штатқа байланысты).

Осы проблемаға шетелдік қылмыстық заңнаманың тәсілдерін талдай отырып, соңғы онжылдықта кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың теріс дамуының әсерінен батыс елдерінің заңнамасы мен тәжірибесінде қорғау бағытынан бас тартылғанын көруімізге болады. Қылмыстық жауаптылықтың ең төменгі шегін айқындау процесі қоғамдық қауіпсіздікті

нығайту мақсатына бағынады, осыған байланысты аса ауыр және ауыр қылмыстардың, рецидив жағдайындағы қылмыстардың, алдын алу қызметінің ұйымдастырылған нысандарының жазалануының күшеюі байқалады.

Бірақ қоғамның тұрақтылығын және оның жұмыс істеу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мүдделерін ескере отырып, адамның заңды құқықтарын қорғау қағидаттарын мүлтіксіз сақтау қажет. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қылмыстық жауаптылықтың ең төменгі жасы жеке тұлғаның жас дамуының төмен деңгейінде белгіленбеуі керек. Кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін іске асыруға қатысты БҰҰ-ның ең төменгі стандартты ережелері осы мәселеде басшылық ретінде қарастырылуы мүмкін, оған сәйкес адамның кінәлі жауапкершілікке жас қабілеттілігінің әмбебап өлшемінің эмоционалды, рухани және зияткерлік жетілуі болып табылады.

ҚРҚК-де қылмыстық жауапкершілік 18 жастан басталатын қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары бар. Мысалы, ҚРҚК 132-бап. Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту; 133-бап. Кәмелетке толмаған адамды қоғамға жат әрекеттер жасауға тарту; 443-бап. Әскери қызметті атқарудан жалтару немесе бас тарту және т.б.

Қорытынды. Қылмыстық заңнаманы жетілдіру және сапалығын арттыру мақсатында қылмыстық жауапкершілік 18 жастан басталатын барлық қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарының тізбегін ҚРҚК 15-бабына өзгертулер мен толықтырулар ретінде енгізуді ұсынамыз.

Адамның интеллектуалды жетілу мәселесімен қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің тағы бір ажырамас сипаттамасы - есінің дұрыс болуы. Есі дұрыстық деген ұғымның анықтамасы ҚРҚК-де белгіленбеген, яғни арнайы құқық нормасы жоқ. Есі дұрыстық дегеніміз, адамның басқа адамдармен, қоғаммен және мемлекетпен қарым-қатынасқа қатысушы ретінде саналы түрде әрекет ету қабілетін анықтайтын субъектінің психикалық мәртебесі. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі тек өзінің іс-әрекетінің нақты сипатын білуге және қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезін-

де оны басқаруға және, тиісінше, осыған байланысты белгілі бір қылмыстық жауапкершілікке ие адам бола алады.

«Адам қоғамға қауіпті іс-әрекетті істеген уақытында өзінің мінез-құлқының қоғамға қауіптілігін сезетін, ұғынатын және өзі істеген іс-әрекетін басқара алатын болса, ол есі дұрыс адам деп саналады. Бұл - есі дұрыстықтың бірінші белгісі, ал екінші белгісіне адамның қоғамға қауіпті іс-әрекетін істеген уақытта өзінің іс-әрекетінің мәнін сезіп, ұғынуы және оны басқаруға қабілетінің болуы қылмыстық құқықтағы кінә туралы түсінікпен тығыз байланысты, яғни, қоғамға қауіпті іс-әрекетті істеген кезде оны істеушіге әйтеуір кінәнің бір түрі қасақаналық немесе абайсыздық болуы тиіс» [8, 83 б.].

Есі дұрыс емес адам қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. ҚРҚК-ң 16-бабында: «Осы Кодексте көзделген қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасаған уақытта есі дұрыс емес күйде болған, яғни созылмалы психикалық ауруы, психикасының уақытша бұзылуы, ақыл-есінің кемдігі немесе психикасының өзге де дертке ұшырауы салдарынан өзінің әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін ұғына алмаған немесе оларға ие бола алмаған адам қылмыстық жауаптылыққа жатпайды»³ деп көрсетілген.

Қылмыстық заңнамаға «есі дұрыс адам» деген анықтаманы енгізуді ұсынамыз.

Қылмыстық құқық бұзушылық субъектілерін біз жалпы және арнаулы деп бөлеміз. Жалпы субъектінің белгілеріне жеке тұлға, есі дұрыстық және қылмыстық заңда көрсетілген белгілі бір жасқа толу жатқызылса, арнаулы субъектінің белгілеріне – Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің ерекше бөлігінің баптарында көрсетілген қосымша белгілер: азаматтығы, жынысы, кәсібі, лауазымдық жағдайы т.б. жатады. Азаматтық қандай жағдайда қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің белгісі болуы мүмкін. Мысалы, ҚРҚК-тің 175-бабында: мемлекетке опасыздық жасау, яғни Қазақстан Республикасы азаматының қарулы қатығыс уақытында жау жағына өтіп кетуінен, сол сияқты тыңшылық жасауынан, мемлекеттік құпияларды шет мемлекетке, халықаралық немесе шетелдік

³ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226/k14226_.htm/(қаралған күні 19.02.2021)

ұйымға не олардың өкілдеріне беруінен, сол сияқты Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне қарсы бағытталған әрекетті жүргізуге оның өзге де көмек көрсетуінен көрінген қасақана іс-әрекеттері - деп көрсетілген. Яғни мемлекеттік сатқындықтың субъектісі болып 16 жасқа толған тек Қазақстан Республикасының азаматы табылады. Сонымен қатар ҚРҚК-тің 176-бабына назар аударсақ, онда мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді шет мемлекетке, халықаралық немесе шетелдік ұйымға неолардың өкілдеріне беру, сол сияқты оларға беру мақсатында жинау, жымқыру немесе сақтау, сондай-ақ шетелдік барлаудың тапсырмасы бойынша өзге де мәліметтерді Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне қарсы пайдалану үшін беру немесе жинау, егер бұл іс-әрекеттерді шетелдік азамат немесе азаматтығы жоқ адам жасаса - деп көрсетілген. Яғни шпионаждың субъектісі болып 16 жасқа толған шетелдік азамат немесе азаматтығы жоқ жеке тұлға болады.

Адамның жынысы төмендегідей қылмыстық құқық бұзушылық түрлерінде қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісінің белгісі болады. Мысалы, 120-бап. Зорлау, яғни жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе қолданбақшы болып қорқытып, не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жыныстық қатынас жасау. Зорлаудың субъектісі болып 14 жасқа толған ер адам табылады. Алайда әйел адам бірігіп орындаушы болуы мүмкін (үйге алдап алып келу, күш қолдану, психикалық әсерету). Жеке тұлғаның кәсібі, лауазымдық жағдайы бойынша ҚРҚК-тің 320-бабын мысал ретінде келтіруге болады. Онда: Қазақстан Республикасының заңына сәйкес немесе арнайы қағида бойынша науқасқа көмек көрсетуге міндетті адамның дәлелсіз себептермен оны көрсетпеуі, егер бұл абайсызда науқастың денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соқса-деп көрсетілген. Яғни қылмыс субъектісі 16 жасқа толған заңға сәйкес немесе арнайы ереже бойынша медициналық жәрдем көрсетуге міндетті адамдар табылады, оларға дәрігерлер, хирургтар, медбикелер т.б. жатады.

Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің жалпы белгілерімен қатар берілген қылмыстық құқық бұзушылық құрамы үшін

міндетті болып табылатын қосымша белгілерге ие жеке тұлға қылмыстық құқық бұзушылықтың арнаулы субъектісі болып табылады. Бұндай жағдайда әдетте лауазымды тұлға, әскери қызметкер, белгілі бір кәсіппен немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысатын тұлғалар жөнінде айтылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың арнаулы субъектісі туралы мәселені зерттеу тарихында, оны анықтау мен оның белгілерін бекіту тұрғысында әртүрлі пікірлер айтылған. Алайда бұл мәселе түпкілкті шешімін таппаған.

Әрекет етуші құқықтың барлық салалары немесе тек қылмыстық құқық үшін лауазымды тұлғаның ұғымы туралы пікірталас Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне күшіне енгізгенге дейін жалғасты.

Сонымен, айтылғандардың негізінде қылмыстық құқық бұзушылықтың арнаулы субъектісі - бұл есі дұрыстығымен және қылмыстық жауаптылық жасымен қатар қылмыстық заңмен қарастырылған немесе одан тікелей туындайтын, осы заң бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін адамдар шеңберін шектейтін және сонысымен оның дұрыс қолданылуын анықтайтын өзге де қосымша заңи белгілерге ие болған жеке адам. «Арнаулы субъект» ұғымының анықтамасын қылмыстық заңнамаға енгізуді ұсынамыз.

Сайып келгенде, қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі қылмыстық құқықтағы өте маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Субъект мәселесіне байланысты қолданыстағы ҚРҚК-не бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілу қажеттілігі абзал деп санаймыз. Атап айтқанда, қылмыстық жауапкершілік 18 жастан басталатын құрамдардың тізбегін бөліп көрсету; «Есі дұрыс адам»; «Арнаулы субъект» ұғымдарының анықтамасын заң жүзінде белгілеу. Сонымен қатар, сот-тергеу тәжірибесін саралау және шетел тәжірибесін зерделеу барысында қылмыстық теріс қылықтар көп жағдайда 14 жасқа толған адамдармен жиі жасалатынын байқадық, сондықтан да ҚРҚК-ң 15-бабына 14 жастан басталатын қылмыстық теріс қылықтардың тізімін енгізуді ұсынамыз. Бұл қылмыстық жауапкершілік жасын бірқатар дәрежеде төмендету болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық кодекске түсіндірме (Жалпы және Ерекше бөлім) - Алматы, 2015. - 768 б.
2. Павлов В.Г. Субъект преступления. СПб.: Издательство «Юридический центр Пресс», 2001. - 325 с.
3. Уголовное право России. Части Общая и Особенная: учебник / Под ред. А. И. Рарога. М.: ТК Велби, Изд-во Проспект, 2004. - 314 с.
4. Белогриц-Котляревский Л.С. Учебник русского уголовного права. Общая и особенная части. Киев, 1903. - 328 с.
5. Канторович Я.А. Процессы против животных в Средние века. - М., 2011. - 240 с.
6. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть / Под ред. И.Ш. Борчасвили. - Алматы, 2015. - 500 с.
7. Российское уголовное право. В 2 т. Т. 1. Общая часть / Под ред. Л.В. Инногамовой-Хегай, В.С. Комисарова, А.И. Рарога. - М., 2006. - 395 с.
8. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: оқу құралы / А.Н.Ағыбаев. 2-бас. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 282 б.

REFERENCES

1. Agybayev A.N. Kylmystyk kodekske tysindirme (Zhalpy zhane Yerekshe bolim) - Almaty, 2015. - 768 b.
2. Pavlov V.G. Subyekt prestupleniya. SPb.: Izdatelstvo "Yuridicheskiy tsentr Press", 2001. - 325 s.
3. Ugolovnoye pravo Rossii. Chasti Obshaya i Osobennaya: uchebnik / Pod red. A. I. Raroga. M.: TK Velbi, Izd-vo Prospekt, 2004. - 314 s.
4. Belogrits-Kotlyarevskiy L.S. Uchebnik russkogo ugolovnogogo prava. Obshaya i osobennaya chasti. Kiyev, 1903. - 328 s.
5. Kantorovich Ya.A. Protsessy protiv zhiivotnykh v Sredniye veka. M., 2011. - 240 s.
6. Kommentariy k Ugolovnomu kodeksu Respubliki Kazakhstan. Obshaya chast / Pod red. I.Sh. Borchashvili. - Almaty, 2015. - 500 s.
7. Rossiyskoye ugolovnoye pravo. V 2 t. T. 1. Obshaya chast / Pod red. L.V. Innogamovoy-Khegay, V.S. Komisarova, A.I. Raroga. - M., 2006. - 395 s.
8. Agybayev A.N. Kylmystyk, kukyk, . Zhalpy bolim: oku kuraly / A.N.Agybayev. 2-bas. - Almaty: Kazak, universiteti, 2018. - 282 b.